

ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ / FOLKLORE AND  
LITERARY STUDIES / ФОЛЬКЛОР И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ



ХҒТАР 17.71.07

**М.Р. Балтымова**

*Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
(E-mail: mbr74@mail.ru)*

**Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ балалар фольклор жанрының халық ауыз әдебиетіндегі ерекшеліктері мен аңызға айналған әдеби туындылар туралы баяндалады. Тарихи деректердегі келтірілген зерттеулердің қазіргі күнгі әдебиет ғылымындағы өзекті мәселелердің шешімін табуға арқау болатындығы туралы айтылады. Фольклор туындыларын жинақтап, халықтың ұрпағына қалдырған рухани азығын игеріп, оның шығу тарихын игеру, ғылыми тұрғыда талдаулар жасау, тәжірибе жүзінде жүргізілген елеулі еңбектің нәтижесін көрсетеді. XIX ғасырдағы халық ауыз әдебиетінің дамуынан бастау алған қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларындағы әдебиет пен қазақ балалар фольклорының туындыларын құрудағы ерекшеліктер қарастырылған. Халық ауыз әдебиетіндегі әдіснамалық-ғылыми зерттеулердің, фольклорлық туындылар жайындағы теориялық талдаулардың нәтижесінде айқындалған фольклор туындыларының халық арасында пайда болып, қазіргі күнге келіп жеткендігі, балаларға арналған фольклорлық шығармалардың халық ауыз әдебиеті ғылымындағы маңызы мен құндылықтары, болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі орны баяндалады.

**Түйін сөздер:** фольклор, жанр, жанрлық ерекшелік, фольклорлық туындылар, фольклорлық мотивтер, фольклорлық ерекшеліктер, фольклорлық шығармалар.

**DOI :** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-8-14>

**Түсті:** 29.01.20 / **Қайта түзетілді:** 02.03.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 30.03.20

Әдебиеттану ғылымы халық шығармаларының тарихын зерделеп, әдебиеттің ғылым саласындағы орнын айқындап, болашақ ұрпақ тәрбиесінің мәні мен мазмұнын құруда, оны жасауда жаңғырып, өзгеріп келеді. Әдебиеттің дамуындағы жаңғырулар мен жаңа заман дамуына сай ғылымның да өзгеруі қазіргі заман адамының талабын шыңдап, талғамын қанағаттандыруда қажеттілігін көрсетіп отыр. Олай дейтініміз, қазіргі жаңа заман тынысы қоғамдық дамудың өзіндік ерекшелігін көрсетіп, қоғамның алдына жаңа мәселелер, әдебиет ғылымының алдына жаңа міндеттер мен талаптар қояды. Қазақ балалар фольклорын зерттеудегі қорытындылар фольклоры үлгілерінің алғашқыларын жалпы түрде халық аузынан тараған жалпы әдеби шығармалар түрінде қабылдағанын, фольклордың жанрлық ерекшеліктерін ашуға мән бермегендігін көрсетеді. Бұл жерде фольклор жанрының жалпылығы, біртұтастығы негізге алынып, бірте-бірте ғылыми талдаулар негізінде, жалпы рухани-дүниетанымдық көзқарастардың қалыптасуына байланысты барлық ғылым салалары өз алдына дамуға қабілеттілігі мен өз алдына зерттелу деңгейіне жеткендігін көрсететін XIX ғасырдан басталғандығы белгілі.

Әдебиеттегі шындықты, тарихты бейнелеуде әлемдік мәдениет пен тарихтың даму сатысында орын алған құбылыстар, даму мен өзгерістер туралы айтсақ, түрлі жанрдағы айтылатын әдеби шығармалар, әңгімелер мен тарихи деректер, повестер мен романдар халықтың рухани даму жолын көрсетіп, қазіргі мен бүгінгі күннің алтын көпірі бола алады. Болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі фольклор шығармаларының алатын орнын көрсету, қазіргі технократия заманындағы баланың ауызша сөйлеу тілі мен өз ана тілінде ойлау қабілетін дамытуда фольклор туындылары мен халық аузынан тараған фольклорлық шығармалардың шығу тарихын зерттеп, оларды қайта жаңғырту бүгінгі күнгі өзекті мәселеге айналып отыр. ХІХ ғасырда бастау алған халық ауыз әдебиетін зерттеудегі елеулі еңбектер мен ғылыми-әдіснамалық тұжырымдар, зерттеулер нәтижесі қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасу тарихы өте ерте заманнан басталып, халық аузынан тараған аңыз, әңгімелерді жинақтаудан басталғандығын көрсетеді. Қазақ балалар фольклоры туралы зерттеулерде фольклорлық шығармалар мен туындылардың әдебиеттен ерекшелігін анықтап, фольклордың өзіне тән белгілерін ашып көрсетудің қажеттілігі бар екендігі белгілі. Бұл жерде балалар фольклоры әдебиеттану ғылымынан бөлек дамыған, қалыптасқан деуден аулақпыз. Дегенмен де, фольклоры туындыларын әдеби шығармалар, көркем әдебиет туындыларымен бірге қарастырамыз. Фольклорлық шығармаларды, фольклор туындыларын ғылыми атау ретінде қарастырсақ, оның өзіндік мазмұны мен зерттелу аймағы шығатыны белгілі. Бірақ ғылыми зерттеулерге зер салсақ, «оны ғылымда «халық педагогикасы», «этнопедагогика», «дәстүрлі тәрбие», «балалар этнографиясы», «балалар фольклоры», «балалар әлемі» деп түрлі-түрлі атап жүргенмен де ғылыми сараның сарқатын арнасы біреу» [1, 8] деп беріледі. Осы пікірдің мазмұнынан қарастырып отырған мәселемізге байланысты халықтың саналы ғұмырынан бастап жинақтаған тәжірибесінің ұрпағына асыл мұра болып қалған дәстүрлі тәрбиенің қағидалары екендігін ашып көрсетуімізге болады. Сонымен қатар, фольклордың әр халықтың туған ата-бабалары айтып қалдырған, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған – рухани баға жетпес құндылық екендігі оның жан-жақтылығын көрсетеді. Соның ішінде, ұрпақ тәрбиесіндегі балаларға арналған шығармалардың халықтық тәрбие мен дәстүрлі тәрбиенің жан-жақты қалыптасуына септігін тигізетіні сөзсіз. Әдеби шығармалардың мазмұнын өткен дәуір мен қазіргі заманғы әдеби көзқарастар тұрғысынан салыстырып қарайтын болса, кез келген әдеби туындының жанрлық мағынасы, жанрлық ерекшелігі болатыны белгілі.

Ал фольклордың да әдеби туынды екендігін есепке алсақ, оның әдеби туындыдан айырмашылығын жанрлық мағынасында аша аламыз. Жанрдың ерекшелігін, жанр жайындағы зерттеулерге тоқталмайынша, фольклорлық жанрды сипаттай алмаймыз. Фольклор туындыларының қайсысын алып қарасақ та, ертегі, әңгіме болмасын өткен әдебиеттегі туындылардың ғылыми тұрғыдағы жинақталу, саралану түріндегі көрінісін көреміз. Ал жаңа заманғы әдеби туындыларда сол жинақталған фольклор туындыларын болашақ ұрпақтың санасына қалайша сіңіреміз деген өзекті мәселелердің алға шыққандығын көреміз. Оның көрінісі ғылыми зерттеулерге жасалған талдауларда фольклорлық шығармалардың жанрлық ерекшелігіне зер сала отырып, көшудің мүмкіндіктерін көрсетеді. Қазақ әдебиеттану ғылымында «жанр» ұғымына жасалған зерттеушілердің қатарында Б.Уахатов жанр ұғымына былайша анықтама береді: «Жанр – белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын және соған лайықты мазмұны бар, әбден қалыптасқан көркемдік форма» [2, 14]. Бұл анықтама әлдеқайда нақтырақ, түсінікті берілген. Өйткені, жанрдың басты қағидасы оның белгілі бір қызмет атқаратындығында. Ал қандай да бір әдеби шығарманы алып қарасақ, ол өлең, не әңгіме болмасын оны жіктеуде берілген шығарманың атқаратын қызметіне мән беруіміз керек. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қарқынды түрде даму беталысын көрсеткен әдебиет ғылымындағы тың зерттеулер әр елдің, әр халықтың жинақтаған аңыз-ертегілерінің көбейе келе, уақыт өткен сайын олардың мазмұны мен сюжеті, мотивтік

сарыны арасындағы ұқсастықтардың пайда болғандығын көрсетеді. Фольклор туындыларының кейіпкерлері мен сюжеттерінің мотивтік сарыны өзгергенімен олардың негізгі мақсаты мен міндеттері бір екендігі, яғни түптеп келгендегі бәрінің көздегені ұрпақ тәрбиесі, ұрпағының болашақ санасын қалыптастыру екендігін айта аламыз. Мұнда фольклордың кез келген халықтың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінен хабар беріп, халықтық өркениет пен халықтық тәрбиені насихаттайтыны көрініп тұр. Фольклордың өзіне тән атқаратын қызметіне байланысты оның жанрлық қызметі, халықтың жаңарған тұрмыс-тіршілігіне байланысты өзгерістерге жауап беруі, әдебиеттану ғылымындағы жаңашылдықтарды айқындайтындығы фольклордың көпфункционалдылығын көрсетеді.

Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімін ашу үшін фольклордың әдебиет сияқты сөз өнері, сөйлеу мәдениеті, сөз саптау ережесін қарастыратындығын ескереміз. Ал сөз өнері, сөйлеу мәдениеті әдемі, таза сөйлеу, ойды тұтас жеткізу, ертеден қалыптасқан санаға сүйену арқылы бойымызға сіңеді. Фольклор туындыларының жанрлық ерекшелігін шығарманың сюжеті, мотиві, көркемделуі, стильдік жағынан рәсімделуі, суреттермен көркемделуі халықтық менталитет пен халықтық сана түсінігіне шоғырланып, әдеби туынды мен фольклорлық туындының ара-жігін ажыратуға мүмкіндік береді. Олай дегеніміз, фольклорлық шығармалар әр елдің ғұмырнамалық тарихы шежірелік сипатына негізделіп, халықтық санасына сай етіп жазылса, әдеби шығармаларда аталған қағидалар сақталмай, проза, поэма, роман жанрында жазылып өз алдына бөлек туынды ретінде қарастырылады. Мысалы, орыс халқы мен қазақ халқының менталитеті мен санасына сәйкес жазылған орыс халқының «Три богатыря» ертегісі мен қазақ халқындағы «Таусоғар» ертегілерін алып қарайық. «Три богатыря» ертегісінің кейіпкерлері Алеша Попович, Илья Муромец және Добрынин мен «Таусоғар» ертегісіндегі Желаяқ, Көлтауысар, Таусоғарлардың негізгі кейіпкерлер ретіндегі іс-әрекеттері, мінез-құлықтарындағы сюжеттік сарынның әр елдің сана-сезімі, қабылдауы, психологиясына сәйкестеніп жазылғанын байқауымызға болады. Ал ұқсастықты екі елдің ертегісінде де философиялық көзқарас, яғни рухтандыру, жігерлендірудің ағынынан байқаймыз. Сонымен бірге, тәрбиелік сипаттағы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеудегі көмек көрсету, қолдау жасауға баулу, батырлыққа баулу түріндегі көркемдік желілер баланы жағымды кейіпкерлерге ұқсауға, батыр болуға шақырады.

Осы бір айтылған екі ертегінің өзінен ата-бабалардың жүріп өткен жолы мен өмірінен сыр шертетін халықтық мәдениет пен сөз өнері фольклордың ерекшелігін байқауымызға мүмкіндік беріп, фольклордың жанрлық ерекшеліктері арқылы фольклорды әдебиеттен бөліп қарастыруымызға көмектеседі. Олай дегеніміз, фольклорлық туындыларды белгілі бір терминдердің көмегімен әдебиеттен бөліп алу, ғылыми тұрғыдағы атаулармен түсіндіру жұмыстары қажет. Осы пікіріміздің нақтылығын көрсету үшін фольклор жанрының теориясы жайындағы зерттеулерге тоқталсақ, «демек, фольклор жанрын зерттегенде, екі нәрсе қатар ескерілуі қажет. Ол: а) фольклордың сөз өнері ретіндегі әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтататын ерекшеліктер» [2, 17]. Бұл пікірде фольклордың әдебиетпен қатар дамуы фольклорды дәстүрлі мәдениетке сүйенбей жеке қарастыру мүмкін еместігі және фольклордың жанрлық ерекшелігі фольклорлық шығармалардың ерте замандағы сипатын сақтай отырып, ұрпақ тәрбиесін дұрыс жолға қоюға болатындығын көрсетеді. Фольклордағы тарихты зерделеу, өткен күнге шолу жасау әдеби шығармаларды ғұмырнамалық, шежірелік тұрғыдан реттеу, топтастыру фольклор жанрының барлық түрін түсінуге мүмкіндік береді. Фольклортанушы С. Қасқабасов зерттеулерінде қазақ фольклорының жанрлық ерекшеліктері қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысымен түсіндіріледі. Ғалым фольклордағы жанрлық ерекшеліктерді түсіндіруде оның басты әдісінің бірі көркем жинақталуға тоқталады. Көркем жинақталу арқылы тарихи оқиғалар, кейіпкерлердің өмір жолы мен іс-әрекеттері тұтас жинақталып, жүйеленеді деп түсіндіреді. Зерттеуші фольклордың жанрлық ерекшеліктерін анықтаудың тағы бір жолы

жанрдың тұрақтылығы мен өзгермелілігін анықтаудың қажеттілігін түсіндіреді. Мысалы: «Тұрақты құбылыстарға құрылымдағы элементтердің өрілу тәсілдері, олардың ұйымдасуы жатады, ал өзгермелі құбылыстар болып шығарманың бейнелеу предмети, мазмұндық негізі саналады» [2, 20-21], - деген пікірі берілген. Осы қорытынды турасында шығармалардың қайсысы болмасын, мысалы ертегілерді алып қарасақ, ертегі жанрына тән ертегінің өзіне тән табиғатына қарай өзгеретінін байқаймыз, ал екінші жағынан ертегінің сюжетіне, композициясына, көркемделу бейнесіне қарасақ ертегі жанрындағы тұрақтылық айқындалады. Осы ретте қазақ отбасындағы тәрбие мен халықтық тәрбиенің көріністерін қарасақ, қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі өзге халықтарға ұқсамайтын өзгешеліктерін айтпай кетпеуге болмайды. Өйткені зерттеу тақырыбымыздың өзі фольклордың жанрлық ерекшеліктерін ашуда қазақ халқындағы әдебиет ғылымына деген арнайы, ерекше көзқарастың бар екендігіне тоқталуды қажет етіп тұр. Халықтық тәрбие арқылы ұрпағымызды тәрбиелеуде балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктеріне тоқталып, ұрпағымызға ертеден келе жатқан халықтық, қазақ тәрбиені сіңіруге негіз болатын фольклордың жанрлық ерекшеліктерінің қайсысы болмасын үлкен мәнге ие. Фольклордың жанрлық ерекшеліктерін сауатты түрде ажыратып, әдеби шығармалардан бөліп қарастыру арқылы халықтың бай мұрасын жинақтап теориялық жағынан да, тәжірибелік жағынан орынды қолдану оқыту мен тәрбиенің құралына айналатындығы анық көрініс беріп отыр. Өмір сүрген заманымыздың қай кезеңі болмасын, фольклор туындыларын қолдануда әлеуметтік ортаға, ұрпағымызды әлеуметтендіруге негізделіп ұлы ұстаз – тарихқа сүйенгену қажет. Тарихты білмей, өткенді қайта жүріп өтпей, тәжірибелерді қорытпай, өзіміздің зерттеу болжамымызға жете алмаймыз. Сондықтан тарихты қайта қарап, оны бүгінгі күннің көрінісіне сәйкестендіру, ғылыми-әдіснамалық жетістіктерін зерделеу үшін алдымызға көп міндеттер қойылады. Ал тарихқа, әлеуметтену үрдісіне сүйеніп кез келген ұғымды ашу әлеуметтік-тұрмыстық қызметтің жүзеге асуын көрсетеді. Зерттеулер барысында осы әлеуметтік-тұрмыстық қызмет арқылы фольклор жанрын анықтаудың тағы бір шарты бар екендігін анықтаған мына пікірге мән берсек, фольклордың тағы бір жанрлық ерекшелігі оның халық аузынан ауызша таралатындығы былайша түсіндірілген: «Ол – фольклордың әлеуметтік-тұрмыстық функциясы және осыдан туындайтын фольклордың өзіне ғана тән белгілері: ауызша туып, ауызша таралуы, варианттарының болуы; халық тұрмысымен тығыз байланысы; орындалуы; әнмен сүйемелденуі» [2; 17]. Олай делінуі, фольклор жанрының әлеуметтік-тұрмыстық сипатын көрсетіп отыр.

Қазақ балалар фольклорын зерттеу объектісі фольклордың даму тарихының бастауы, оның өлшемі ретінде берілетін, тыңдаушыға жеткізілетін тілі ғылыми тұрғыдағы зерттеуді қажет етеді. Оның біріншісі, фольклорды өз алдына қарастырмас бұрын жанр деген не, оның табиғаты, ерекшелігі қандай? – міне осы мәселені шешіп алуымыз керек. Жанрдың өзіне тән ерекшелік – өзгермелілігі, тұрақтылығы анықталды. Фольклор айтушының еркіне қарай әсіреленіп, күшейтіліп, өзгеріп отырады. Фольклорды жазушы халық өзінің ұлты мен дінін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін дәріптей отырып, ұлтына, рухына қызмет етеді. Өйткені, фольклорлық шығармалар белгілі бір уақыттың жай-күйін, сол дәуірдің тұрмысы мен тіршілігін баяндайды. Фольклорлық туындыларға қойылатын талап немесе шарттың бірі – берілген оқиғаның, фактінің мазмұнын, сол кезеңнің әлеуметтік, мәдени мазмұнын ашуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін жетіп отырған сөз өнерінің ең көне үлгілерімен ұрпағымызды таныстырып, олардың сана-сезімдері мен қабылдау мүмкіндіктеріне шақтап фольклор туындыларын орынды қолдануда фольклордың жанрлық ерекшеліктері қолдау жасайды.

Қазақ фольклорының тарихын зерттеу барысында XIX ғасырдың «Зар заман» әдебиетінен басталып, қазақ әдебиетінің тарихын құратын Асан Қайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Шортанбай, Ыбырай, Абай, т.б. ұлт мүддесін қорғаған жыршылардың шығармалары



ұрпақ тәрбиесімен қатар қалыптасып келе жатқан кең ауқымды шығармалар ұрпағымыздың бойында патриоттық, өз еліне деген мақтанышын білдіру сезімдерін қалыптастырып, баланың ойлауы мен сөйлеу қабілетінің қатар дамып, жетілуіне септігін тигізері сөзсіз. Қазақ балалар фольклоры – тілі орамды, тәрбиелік мәні жоғары, мазмұны бай, халық даналығымен толықтырылған шығармалар баланың талғамын кеңейтіп, мінез-құлқын қалыптастыратын асыл мұра. Сонымен бірге, осы ойымыздың жалғасын қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуы жайындағы көрегендікпен айтылған халық аузынан тараған фольклор туындылары қазақтың қазақылығы мен ұлттық сипатын сақтап қалар, өз тілімен қатар, ұлттық тәрбиесін жалғастыратынын білеміз. Өйткені ұлттық тәрбие берудің құралы ретінде қазақ баласының тұла бойына адамшершілік, тәрбиелік маңызы өте жоғары тұратын рухани құндылықтарды құятын фольклорлық шығармалар өткен мен бүгіннің арасындағы рухани байланыстың ажырамауына түрткі болады.

Қазақ халқы дамудың қай кезеңінде болмасын балалар шығармаларын дамыту, арнасын кеңейту мен толықтыруда зерттеуден, ізденуден тынған емес. Оған дәлел, қазақ балалар фольклорын өз алдына баланың жас ерекшелік кезеңдеріне қарай бірнеше арнаға бөліп қарастырытынын айтуға болады. Қазақ балалар поэзиясында кең арнада өркендеп келе жатқан жанр оқиғалы өлеңдер екендігі анық. Олай болуы – заңдылық та. Өйткені дүниетанымы қалыптасу үстіндегі бала жаны құрғақ ақыл-кеңестен гөрі, қызықты оқиғаларға, тосынды әрекеттерге еліккіш келеді. Осы аталған бала психологиясындағы ерекшеліктер мен жас ерекшелігіне қарай баланың қабылдауы, ой-түйсігі, санасы мен қиялына қарай фольклор туындыларын жіктеудің де маңызы жоғары деп білеміз. Өйткені баланың жас ерекшелігіне сәйкес фольклор туындыларының жанрына қарай сұрыптау, ұғындыру қазақ балалар фольклорының негізгі ерекшелігін ашатынын толық айта аламыз. Осылайша саралану мен білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарды орындауда фольклордың жанрлық жіктелімінің рөлін көре аламыз. Өйткені кез келген туынды болмасын, ертегі, әңгіме, аңыздар баланың физиологиялық, психологиялық дамуына сәйкес болуы шарт. Шығарманы оқу барысында бала оның мазмұны мен мәнін толық түсінбесе, қабылдасамаса баланың бойындағы әдебиетке деген қызығушылық пен ынта-жігерді жоғарылататынымыз баршаға белгілі. Осы қарапайым тұжырымның өзі фольклорлық шығармаларды қазіргі заман талабына сай іріктеп, сұрыптап, баланың жас ерекшелік деңгейіне қарай сәйкестендіру жұмысы жаңа заман әдебиетінің алдына үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Фольклордың жанрлық жіктелімін ашуда осы айтылған қағидаларды есепке алудың өзі фольклордағы мотивтің болуын көздейді, яғни аңыз-әңгімелерді түрлерге бөлу, мотивтерге бөледі.

Қазақ жазба балалар поэзиясында жиі қолданыстағы жанрлардың бір тобы халық ауыз әдебиетінен тамыр тартады. Олар – жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, мазақтама, өтірік өлеңдер. Бұл жанрлардың қай-қайсы да халықтық фольклорда қалыптасқан дәстүрлі сипаттарды уақыт дамуына байланысты, әлеумет өміріндегі өзгерістермен орайласа, бала танымы мен талғамындағы жаңалықтарды ескере жаңғыртып келеді. Бұл жағдай ұлттық балалар поэзиясы өкілдерінің алдағы уақыттарда назар аударуын қажет ететін тұстарды да аңғартады. Яғни бүгінгі күнге дейінгі балалар поэзиясында жасөспірімдер мен ересек жастағыларға арналған шығармалардың жеткіліксіздігін көрсетеді.

Біріншісі, дүниеге келген сәбиді тыныштандыру, бағып-қағуда күнделікті тұрмыста қолданылатын әлпештеу, еркелету, мәпелеу, уату, алдарқату жырлары. Бұл жырды орындаушылар ересектер, яғни әкесі мен анасы, атасы мен әжесі өзінің ұрпағына қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптеу, дүниеге келген сәбиге деген құрметті, сүйіспеншілікті көрсету мақсатында бесік жыры, әлпештеу жырларын орындайды. Екіншісі, балалардың ересектермен қатар орындайтын жырлары наурыз тойы жыры, жарапазан айту, сабантой, арнау жырлар, өтірік өлеңдер, мазақтамалармен ерекшеленетін жеткіншектер жыры. Жеткіншектер жырында да балалар фольклоры өзінің тәрбиелік мазмұнымен сипатталып, осы жастағы

балалардың бір-бірімен ұжымдасу, тілдік қарым-қатынасқа түсуге, ой бөлісу, т.б. сияқты қазақтың әдет-ғұрыптарын есте сақтауға тәрбиелейді. Үшіншісі, балаларды ойын арқылы ойнай отырып тәрбиелеу ұстанымы бойынша қаламақ, санамақ, балалар айтысы, жұмбақтар, жаңылтпаштарды жаттау, оны ойын кезінде айтуға машықтану баланың ой-өрісін кеңейтіп, әдеби көркем тілді меңгеруге жетелейді. Ойындық фольклордың ерекшелігі барлық шығармада ойындық белгілер, драматизмнің басым болуымен сипатталады. Балалар бірін-бірі ойынға шақыру мақсатында «Ақ серек, көк серек» т.б. ойын өлеңдерін қолданып, бір-бірімен тәжікелесе отырып ойынды жалғастыруға дағдыланады. Өзара жұмбақ айтыстарын жүргізу баланың ой-өрісі мен қиялын, ойлауын дамытып, жұмбақтар мен жаңылтпаштардағы сөздердің мағынасына қарай балалар халық ауыз әдебиетінің үлгілерін игереді. Соңғысы, күнделікті ересектердің аузынан еститін, олардан естіген сөздерін сөздік қорын молайту мақсатында пайдаланатын фольклорлық туындылардың орны ерекше. Мысалы, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, батырлар жыры, аңыз әңгімелер батырлық, қайсарлық, шыдамдылық пен ержүректілікке баулып, ұрпақ бойында ізгілік қасиеттерді қалыптастырады.

Балалар поэзиясында идеяны шығарманың тұтастай көркемдік болмыс-бітімінен өрістетіп ұсыну ғана аз, сонымен бірге оқырман баланың өзін шығармадағы эстетикалық көркемдік әлеміне баурай отырып, ойландыра отырып, жанына әсер ете отырып ұсыну қажет. Сонда ғана балалар поэзиясындағы көркем идея діттеген межеден табылмақ. Қазақ балалар поэзиясында бұл тұрғыда қалыптасқан дәстүрлі әдістер мен тәсілдер баршылық. Нәтижесінде, фольклордың жанрлық ерекшелігін анықтаудағы зерттеу нәтижесі фольклор жанрының өзгермелілігін, тұрақтылығын, жаңарып отыратындығын, әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы қызметін көрсетті. Балаларға арналған шығармалардың баланың жас ерекшелігіне байланысты, ойлау мен сөйлеу тілінің қалыптасу деңгейіне қарай баланың психологиялық дамуын қалыптастыратындығы белгілі. Ал осы жерде баланың жан-жақты тұлғалық дамуын қалыптастыратын тәрбие құралы ретінде ұсынылатын балаларға арналған фольклор туындылары, фольклордың жоғарыда талдап кеткен жанрлық ерекшеліктері ерекше орын алатындығын анықтадық. «Қазақ фольклоры – жанр жағынан да, түр жағынан да бай мұра. Оның ғасырлар бойғы тарихы бар. Ол сонау алғашқы қауымның ыдырау кезеңінде туып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді» [3, 36], осы пікірден-ақ фольклор жанрының жан-жақтылығын көре аламыз. Халық өмір сүрген кезден бастап өзінің дамуын көрсеткен фольклор туындыларының ескісі болсын, жаңарған түрі болсын жанрлық ерекшелігі жағынан рухани тәрбие беру құралына айналған тұрақты фактор. Ескі жанрлардың тобын құрайтын ертегі, аңыз, шежірелердің қайсысы болмасын ұрпақ тәрбиесінде тарихи-ғұмырнамалық сипатта өз туған ата-баба дәстүрімен танысып, тарихын білуге үйретсе, жанрдың жаңарған түрлері эпостық жырлар, айтыс, мақал-мәтелдер қазіргі заман баласының жаңарған ұрпақ кейпіне сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ісләмжанұлы (Матыжанов К.) Рухани уыз (Қазақ балалар фольклоры). – Астана: 2008. - 228 б.
- 2 Қасқабасов С. Жаназық: Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 3 Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: «Жібек жолы». 2008. -504 б.

**М.Р. Балтымова**

*Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, Актөбе, Қазақстан*

### **Жанровые классификации казахского детского фольклора**

**Аннотация.** В данной статье рассказывается об особенностях фольклора казахского народа в устной народной литературе и о легендарных литературных произведениях. Речь идет о том, что исследования, приведенные в исторических источниках, являются основой для решения актуальных проблем современной литературной науки. Об особенностях создания произведений литературы и казахского детского фольклора в произведениях Ибрая Алтынсарина, Абая Кунанбаева, внесших большой вклад в развитие и становление казахского детского фольклора, начавшегося с развития устной народной литературы XIX века. В результате методологических научных исследований в устной народной литературе, теоретического анализа о фольклорных произведениях, раскрывается история возникновения фольклорных произведений среди населения и значение и ценности детских фольклорных произведений в науке устной народной литературы, роль в воспитании будущих поколений.

**Ключевые слова:** фольклор, жанр, фольклорные произведения, фольклорные мотивы, фольклорные особенности, фольклорные произведения.

**M.R. Baltymova**

*K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan*

### **Genre classifications of Kazakh children's folklore**

**Abstract.** This article describes the features of the folklore of the Kazakh people in oral folk literature and legendary literary works. We are talking about the fact that the research given in historical sources is the basis for solving actual problems of modern literary science. About the features of creating works of literature and Kazakh children's folklore in the works of Ibray Altynsarin, Abay Kunanbayev, who made a great contribution to the development and formation of Kazakh children's folklore, which began with the development of oral folk literature of the nineteenth century. As a result of methodological research in oral folk literature, theoretical analysis of folklore works, reveals the history of cultural works among the population and the value and values of children's folklore in the science of oral folk literature, the role of educating future generations.

**Keywords:** folklore, genre, works of folklore, the folklore, the folklore especially folklore.

### **References**

- 1 Islyamzhanov (Matyzhanov) K. Ruhani uyz [Spiritual spirit]. Kazah balalar folklori [Kazakh children's folklore]. (Astana, 2008, 228 p.). [in Kazakh]
- 2 Kaskabasov S. Zhanazyk: arjilgyzertteuler [research in different years] (Audarma, Astana, 2002, 584p.). [in Kazakh]
- 3 Kaskabasov S. Elzerde: ar jilgy zertteuler [research in different years] (Zhibekjoly [Silk Road], Almaty, 2008, 504 p.). [in Kazakh]

### **Автор жайлы мәлімет:**

**Балтымова М.Р.** – қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ә. Молдағұлова даңғылы, 34, Ақтөбе, Қазақстан.

**Baltymova M.R.** -PhD Student of the Department of "Kazakh literature", K. Zhubanov Aktobe Regional State University, A. Moldagulova str., 34, Aktobe, Kazakhstan.